

Примкулова А. А., ҚАЗ-дегі басқару және әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция капитаны (Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Қазақстан Республикасы бай тарихпен, көне мәдениетпен және әсем табиғатымен ерекшеленетін мемлекет. Тәуелсіздік — бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз — Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу — өз тағдырына жауап беру деген сөз. Қазіргі Қазақстан — егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып өмір сүруде. 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Биыл біздің тәуелсіздігімізге 25 жыл толды. Сөз жоқ, бұл күн Қазақстан халқы үшін ұлы күн болып табылады. «Біздің туымыз — тәуелсіздік, мақсатымыз бейбітшілік пен әлеуметтің әлеуеттілігін көтеру» ұраны барлық қиыншылықтарды жеңудегі ортақ идеяға айналды. Дүниежүзілік тарихтың өлшемі бойынша қысқа мерзім ішінде Республикамызда терең экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістер болып өтті. Қоғам айқын мақсаттарға қол жеткізу жолында баяндалған стратегиялық бағдарламалық құжатқа мұқтаж болатын. Олар «Қазақстан — 2030» ел дамуының Стратегиясында тұжырымдалды. 1997 жылдың қазан айында Президент Н. Ә. Назарбаев республика халқына «Қазақстан — 2030» деген атпен жолдау қабылдап, онда еліміздегі дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың, немесе «Қазақстан барысын» қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары мен мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілді. Онда елдің ішкі бекем тұстарын және сыртқы саясатындағы мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, мемлекеттің дамуындағы ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру көзделген.

Олар:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті сақтау;
- 2) ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын нығайту;
- 3) нарықтық қатынастар негізінде экономикалық өсу;
- 4) Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын көтеру;
- 5) энергетика ресурстарын жете пайдалану;
- 6) инфрақұрылым, көлік және байланысты дамыту;
- 7) демократиялық кәсіби мемлекетті құру.

Осындай маңызды шараларды іске асырғанда ғана халықтың өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы мүмкін екендігіне сенім білдірілді. «Қазақстан — 2030» бағдарламасының талаптарына орай соңғы жылдары еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлемдік стандарттарға сай түзілген заңнамалық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, биліктің, сот және құқық қорғау органдарын қоса алғанда, оның барлық тармақтарының құрылымы мен қызметі едәуір жетілдірілді¹.

Тәуелсіздік алған Қазақстанның көлік қатынасында темір жолдың маңызы ерекше зор. Қазіргі кезде Қазақстан темір жолының үлесіне көлік қатынасының барлық түрлері бойынша тасылатын жүктің төрттен үш бөлігі, жол жүретін адамдардың тең жарымы тиеді. Темір жолдарды техникалық жағынан қамтамасыз ету және жүк тасу жөнінде Қазақстан ТМД елдері арасында Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды алады.

Қазақстанның әлеуметтік саласындағы басты мәселелердің бірі — зейнетақымен қамтамасыз ету. Соңғы кезде елімізде зейнеткерлер санының едәуір өсуімен қатар зейнетақы жүйесін реформалау жұмысы табысты жүргізіліп келеді.

Қазақстан үкіметі кейінгі жылдары халықтың әл-ауқатын жақсарту, соның ішінде еңбекшілер мен қызметкерлердің жалақысын арттыруға назар аударуда. Экономиканың көтерілуі әлеуметтік міндеттердің үлкен кешенін шешуге мүмкіндік берді. Халықтың

күнкөріс жағдайы жылдан жылға артып келеді. Мемлекеттік бюджет есебінен зейнеткерлерді, мүгедектерді, асыраушыларынан айырылған және басқа да санаттағы тұрғындарды әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету жүзеге асырылудаⁱ.

Мәңгілік Ел — елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан — 2050» стратегиясы, сонымен қатар ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі — Мәңгілік Ел! Ол — барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Ел Бірлігі біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың Қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын және халықаралық ЕХРО — 2017 көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етемізⁱⁱ.

2014 жылдың 11 қарашасында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты — Қазақстанның әлемнің озық 30 елінің қатарына енуге бағытталған қарышты қадамы болып саналады. Ақпан айында Ұлттық қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014–2015 жылдарға 500 миллиард теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын. Үкіметке Ұлттық қордан бөлінген қаржыны мына мақсаттарға бағыттауды тапсырды^{iv}:

- 1) шағын және орта бизнеске;
- 2) банк секторын сауықтыру және «жаман» несиелерді сатып алу;
- 3) Жаңа инвестициялар тарту үшін, «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына;
- 4) ЭКСПО — 2017 кешені құрылысын жалғастыруды несиелеу;
- 5) 2015 жылы жаңа терминал құрылысы мен ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту үшін қаржы бөліп, Үкіметке барлық қаржыны алдағы мақсаттарға жұмсалуын қадағалауды тапсырды.

Осы орайда Елбасымыздың ерен еңбегі, халықтың әл-ауқатын жақсартудағы және мемлекеттің экономикасын көтерудегі баға жетпес қызметінің нәтижесі екендігіне ешкімнің де күмәні болмаса керек.

Сөйтіп, қорыта келгенде, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Соның нәтижесінде біздің еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Сондықтан да еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті отыз мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Біздің мемлекет тәуелсіздіктің жылдарында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске қосып, қай салада да ТМД елдері ішінде көшбасшы атанды. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтап, одан әрі дамыту жолында халық болып бірігіп еңбек етсек, Қазақстан Республикасы әлем таныған, сырт көз қызыға да қызғана да қарайтын мәртебесі биік ел болары даусыз. Басқа да жасалып жатқан даму жолындағы реформаларды дамытып, қазаки дәстүр мен тілімізді, мәдениетіміз бен дінімізді дамытып болашақта ұрпақтан-ұрпаққа жеткізсек, Қазақстанның даму жолы сәтті, болашағы жарқын болары сөзсіз!!!

ⁱ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2030» Стратегиясы // www.akorda.kz

ⁱⁱ Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1222 қаулысы // www.online.zakon.kz

ⁱⁱⁱ Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан — 2050» Стратегиясы // www.online.zakon.kz

^{iv} Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 2014 жылдың 11 қарашасында «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.online.zakon.kz